



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ӘДІЛЕТ МИНИСТРЛІГІНІҢ
ТІРКЕУ ҚЫЗМЕТІ КОМИТЕТІ

ЗАҢДЫ ТҮЛҒАНЫ МЕМЛЕКЕТТІК ҚАЙТА ТІРКЕУ

20 03 ж. « 23 » желтоқсан ЖҮРГІЗІЛДІ

№ 4080-1900-АК

Бастапқы тіркелген күні,

1995 ж. « 18 » шілде



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ӘДІЛЕТ МИНИСТРЛІГІНІҢ
ТІРКЕУ ҚЫЗМЕТІ КОМИТЕТІ

ЗАҢДЫ ТҮЛҒАНЫ МЕМЛЕКЕТТІК ҚАЙТА ТІРКЕУ

20 03 ж. « 23 » желтоқсан ЖҮРГІЗІЛДІ

БСН 950740000130

Бастапқы тіркелген күні

1995 ж. « 18 » шілде

Қазақстан Республикасының қаржы нарығы
мен қаржы ұйымдарын реттеу және бақылау
жөніндегі Агеттігімен «үйлестірілген»



2009 ж. « 11 »

«Данабанк»

Акционерлік қоғамының Жарғысы



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ӘДІЛЕТ МИНИСТРЛІГІНІҢ
ТІРКЕУ ҚЫЗМЕТІ КОМИТЕТІ

ЕНГІЗІЛГЕН ӨЗГЕРІСТЕР МЕН ТОЛЫҚТЫРУЛАР

20 09 ж. « 4 » желтоқсан

БҰРЫН 2003 ж. « 23 » желтоқсан ТІРКЕЛДІ

№ 4080-1900-АК



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ӘДІЛЕТ МИНИСТРЛІГІНІҢ
ТІРКЕУ ҚЫЗМЕТІ КОМИТЕТІ

ЕНГІЗІЛГЕН ӨЗГЕРІСТЕР МЕН ТОЛЫҚТЫРУЛАР

20 09 ж. « 4 » желтоқсан

БҰРЫН 2003 ж. « 23 » желтоқсан ТІРКЕЛДІ

БСН 950740000130

Акционерлердің жалпы жиналысында
2009 жылдың 29 қыркүйек
жаңа басылымда бекітілген

Бұл Жарғы, акционерлік қоғамның ұйымдастыру – құқықтық түрінде құрылып, заңды тұлға – банктің құқықтық деңгейін анықтап, оның қызметін белгілі бір ережелерге бағындырады.

1. ҚОҒАМНЫҢ ТОЛЫҚ ЖӘНЕ ҚЫСҚАРТЫЛҒАН АТАЛУЫ

1.1. Қоғамның толық аталуы:

мемлекеттік тілде: «Данабанк» акционерлік қоғамы

орыс тілінде: Акционерное общество «Данабанк»

ағылшын тілінде: Joint-stock company «Danabank»

Қоғамның қысқартылған аталуы:

мемлекеттік тілде: «Данабанк» АҚ

орыс тілінде: АО «Данабанк»

ағылшын тілінде: JSC «Danabank»

2. ҚОҒАМНЫҢ АТҚАРУШЫ ҰЙЫМЫНЫҢ ОРНАЛАСҚАН ЖЕРІ

Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы, Медеу ауданы, Достық д-лы, 91/2, пошталық индексі 050051

3. ҚОҒАМНЫҢ ҚҰҚЫҚТЫҚ ДЕНГЕЙІ

3.1. Қоғам, өзінің қызмет етуі үшін қаражат тарту мақсатында акциялар шығаратын заңды тұлға болып табылады.

3.2. «Данабанк» акционерлік қоғамы (ары қарай «Банк») екінші дәрежедегі банк болып табылады. Банк Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы» заңына сәйкес банк қызметін жүзеге асыруға құқылы коммерциялық ұйым болып табылады. Банктің ресми деңгейі заңды тұлғаның әділет ұйымдарына банк есебінде мемлекеттік тіркеу арқылы және өкілетті ұйым тарапынан банк операцияларын өткізуге рұқсат беретін қағаздың болуымен анықталады.

3.3. Банк өз қызметін Қазақстан Республикасы Конституциясының, Қазақстан Республикасы Азаматтық Кодексінің, Қазақстан Республикасы «Акционерлік қоғамдары туралы» Заңының, Қазақстан Республикасы арқылы жасалған халықаралық келісімшарттардың (келісімдердің), өкілетті ұйымның нормативтік заң актілерімен және осы жарғының негізімен жүзеге асырылады.

3.4. Банктің өз акционерлерінің мүлкінен бөлектендірілген мүлкі бар, өзіндік балансы бар және өзінің атынан заттай және заттай емес құқықтарға ие бола алады және міндеттерді атқара алады, сотта шағымданушы және жауап беруші бола алады.

3.5. Банк өз міндеттемелері бойынша өзіне тиесілі барлық дүние-мүлкімен жауап береді, және өз акционерлерінің міндеттемелері бойынша жауап бермейді. Банк акционерлері банктің міндеттемелері бойынша жауап бермейді және банк қызметімен байланысты олардың өздеріне тиесілі акциялардың құнының көлемінде шығын қауіпінде болады. Заңда қарастырылған жекеленген жағдайдан басқа уақытта, мысалы банк немесе мемлекет өз мойындарына осындай жауапкершілікті алған кезден басқа уақытта, мемлекет банктің міндеттемелеріне жауап бермейтін сияқты, банкте мемлекеттің міндеттемелеріне жауап бермейді.

3.6. Қазіргі Заңнамамен белгіленген тәртіптегідей, Банк Қазақстан Республикасының аумағында, оның аумағынан тыс жерде өз филиалдарын, өкілдіктерін, қосалқы ұйымдарын құруға құқылы. Банктің заңды тұлғалары болмайтын, банктің операцияларын банк атынан жүзеге асыратын және Банк ұсынған өкілеттердің аясында әрекет жасайтын филиалдар торабы – ерекшелендірілген банктік бөлімшелері бар.

3.7. Банктің қызмет көрсету мерзімі шектеусіз.

3.8. Банктің мемлекеттік және орыс тілдеріндегі өзіндік атауы көрсетілген мөрі бар.

4. БАНКТІҢ МАҚСАТЫ МЕН ҚЫЗМЕТІ

4.1. Банк қызметінің негізгі мақсаты табыс табу болып табылады.

4.2. Аталған мақсатқа қол жеткізу үшін банк құрамына Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы» Заңымен бекітілген, банктік операциялармен басқа да операциялар кіретін қолданыстағы заңдармен рұқсат етілген қызмет түрлері жүзеге асырылады.

4.3. Банктің, бантік және басқада операцияларды, уәкілетті ұйымның берген рұқсат қағазының негізінде жүзеге асыруына құқығы бар.

4.4. Банктің құнды қағаздар нарығындағы кәсіби қызметін, уәкілетті ұйымның берген рұқсат қағазының негізінде жүзеге асыруына құқығы бар.

4.5. Бантік операцияларды жүзеге асыру үшін және ақшаларды сақтау үшін Банк Қазақстан Республикасының Халық Банкінде корреспонденттік есепшот ашады.

4.6. Банк ұйымдардың, азаматтардың еркін ақшаларын біріктіріп жұмылдырады және оларды банктік есепшоттарда сақтайды. Ақшалар белгілі бір мерзімге және талап еткенге дейін қабылданады.

4.7. Банк ақшаның бар-жоғы туралы мәліметтер бойынша, олардың иелері туралы және Банк депозитшілерінің өзімен істес тұлғалары мен корреспонденттерінің Банктік есепшоттарының нөмірі туралы, осы есепшоттардағы ақша қалдықтары мен олардың қозғалысы жайында, сондай-ақ Банктің сейфтік қораптарындағы, шкафтары мен бөлмелеріндегі өзімен істес тұлғалардың сақтауда тұрған дүние – мүліктерінің сипаты мен құны туралы құпияға кепілдік береді. Жоғарыда көрсетілген мәліметтері бар анықтамалар, өкілетті тұлғаларға коммерциялық, Банктік және басқа да заң арқылы қорғалатын құпияларды құрайтын мәліметтерді жариялауға қойылатын заң арқылы белгіленген талаптарды сақтай отырып беріледі.

4.8. Қазақстан Республикасының Заңнамасымен қарастырылмаған жағдайда, Банкпен клиент арасындағы қарым-қатынас келісімшарт негізінде жүзеге асырылады. Банкпен клиент арасындағы қарастырылмаған қарым-қатынас Қазақстан Республикасының Заңнамасы негізінде реттеледі.

5. БАНК АКЦИЯЛАРЫ, АКЦИОНЕРЛЕРДІҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

5.1. Банк қарапайым және артықшылығы бар акциялар шығаруға құқылы. Акциялар құжатсыз түрде шығарылады.

5.2. Қазақстан Республикасының құнды қағаздар нарығы туралы заңнамасында және осы жарғыда шарты, шығару тәртібі, орналастыруы және өтеуі белгіленген басқа да құнды қағаздарды Банк шығаруға құқылы.

5.2.1. Банк еркін айналатын құнды қағаздарды шығаруға құқылы.

5.2.2. Банктің еркін айналатын құнды қағаздарды шығаруы, Банктің акцияларын орналастыру мен жариялау арасындағы айырмашылық шегінде жіберіледі.

5.2.3. Банктің құнды қағаздарының айналым шарты мен тәртібі айналым құнды қағаздарын шығарулы проспектісімен анықталады.

5.3. Акциялардың түрлері

5.3.1. Қарапайым акция акционерге жалпы акционерлер жиналысына катысуға, бар мәселелерді шешуде дауыс беруге, банкте таза табыс пайда болғанда дивиденттерін алуға, сонымен қатар Қазақстан Республикасының Заңнамасында бекітілген тәртіп бойынша Банктің мүлігі жойылғанда бөлігін алуға құқылы.

5.3.2. Артықшылығы бар акция меншік иелерінің қарапайым акция меншік иелері – акционерлерінің алдында ерекше құқығы бар, дивиденттерін ертерек анықталған Банк жарғысымен белгіленіп кепілденген мөлшерде және қолданыстағы заңнамада белгіленген тәртіп бойынша Банк жойылғанда мүліктің бөлігін ала алады.

5.3.3. Артықшылығы бар акциялардың саны жалпы жарияланған Банк акциялар санының жиырма бес пайызынан аспауы керек.

5.3.4. Мына жағдайларда ғана артықшылығы бар акция акционерге Банкті басқаруға қатысу құқын бермейді:

1) Банктің акционерлерінің жалпы жиналыста қаралатын сұрағында оның шешімі бойынша артықшылығы бар акция иесі – акционердің құқығын шектеуі мүмкін.

акционерлерінің жалпы жиналыста орналастырылған жалпы санынан (сатып алынғанды есептемегенде), бұндай сұрақтың шешімі үштен екі бөлігі дауыс берген жағдайда ғана қабылданады;

2) Акционерлердің жалпы жиналысы Банктің таратылуы не жойылуы туралы сұрақты қарайды;

3) Өзінің белгілі төленетін күнінен бастап, артықшылығы бар акция бойынша дивиденд мерзімі аяқталғаннан үш ай бойы толық мөлшерде төленбеді.

5.4. Дивиденттер

5.4.1. Тек қана артықшылығы бар акциялардың дивиденттерінен басқа шешім акционерлердің жалпы жиналысында дауыс беруші қарапайым акциялар көпшілігімен қабылданса, Банктің акцияларының дивиденттерін ақшамен немесе құнды қағазбен төлеуі шартты.

5.4.2. Акционерлердің жалпы жиналысында қарапайым акция бойынша дивиденттер төлеуге құқылы екеніне шешім қабылдап, оны он жұмыс күн ішінде бұқаралық ақпарат құралдарында міндетті түрде жария етуге құқылы.

5.4.3. Банктің қарапайым акциялар бойынша дивиденттер төлеу шешімі келесі мазмұндағы мәліметте болуы тиіс:

1) Банктің банктік және басқада реквизиттері, аталуы, орналасқан жері;

2) дивиденттерді төлеу мерзімі;

- 3) бір қарапайым акцияға дивиденд төлеу;
- 4) дивиденд төлеу датасының басталуы;
- 5) дивиденд төлеу тәртібі мен қалпы.

5.4.4. Артықшылығы бар акциялар бойынша дивидендтер төлеу мерзімі жылына бір рет. Артықшылығы бар акцияның кепілденген дивиденді жылына 10 (он) тенгені құрайды.

Артықшылығы бар акциялар бойынша дивидендтер төлемі акционерлердің жалпы жиналысында жылдық қаржылық есеп беруді бекіткеннен кейін 20 (жиырма) күнтізбелік күн ішінде жүзеге асырылады.

5.4.5. Банк артықшылығы бар акциялар бойынша, дивидендтер төлемі толық төленіп болмай, қарапайым акциялар бойынша дивидендтер төленбейді.

5.4.6. Артықшылығы бар акциялар бойынша дивидендтер төлеу мерзімінің алдында, Банк бес жұмыс күн ішінде бұқаралық ақпарат құралдарында міндетті түрде, Жарғының 5.4.3. тармағындағы 1),2),4),5) тармақшаларында тізбектелген дивидендтер төлемі, сонымен қатар, артықшылығы бар бір акцияның есеп айырысудағы дивидендтер мөлшері туралы ақпарат жариялайды.

5.5. Банктің құнды қағаздарын сатып алудағы ерекше құқы

5.5.1. Қарапайым акцияларға айналатын, Банктің жарияланған акциялары немесе басқа да құнды қағаздарды орналастыру ниеті пайда болғанда, сонымен қатар алдын ала сатып алынған көрсетілген құнды қағаздарды сату шешімі қабылданған күннен бастап, Банк он күн ішінде өз акционерлеріне жазбаша түрде немесе бұқаралық ақпарат құралдарына хабарлама беру арқылы сатып алуды ұсынады. Құнды қағаздарды сатып алу тең шартта болу керек. Банктің ұйымы осы шешім қабылданғаннан кейін, қолдағы бар акцияларды сатып алынған бағасына алуды ұсынады. Акционер, Банктің акцияларын сату туралы хабарланған уақыттан бастап, отыз күн ішінде, Банктің айналымдағы акцияларын немесе құнды қағаздарды сатып алуға өтніш жасауға құқылы, сатып алудағы ерекшелік құқына сәйкес сатып ала алады.

Сонымен қатар, қарапайым акцияға иегер акционер қарапайым акция немесе басқа да құнды қағаздар сатып алуға құқылы, артықшылығы бар акцияға иегер акционер артықшылығы бар акция сатып алуға ғана құқылы.

5.5.2. Құнды қағаздарды сатып алуға ерекшелігі бар құқығын іске асыру уәкілетті ұйымның бекітілген тәртібімен жүзеге асады.

5.6. Банктің акцияларын орналастыру

5.6.1. Банк өзінің акцияларын мемлекеттік тіркеуден өткеннен кейін, жарияланған акциялар санының шегін бір немесе бірнеше рет шығарылым арқылы орналастыруға құқылы.

5.6.2. Акцияларды орналастыру қазіргі заңнамаға сәйкес, жазылым немесе аукцион арқылы өткізілетін құнды қағаздың ұйымдастырылған нарығы, не жазылым немесе аукцион арқылы өткізілетін құнды қағаздың ұйымдастырылмаған нарығы арқылы жүзеге асырылады.

5.7. Орналастырылған акцияларды өтеу

5.7.1. Қазақстан Республикасының қазіргі Заңнамасына қайшылық келтірмейтін орналастырылған акцияларды өтеу, акционерлердің келісімімен Банктің бастамасы бойынша акционерлердің жалпы жиналысында бекітіліп, Банктің сатып алғандағы ұйғарылған акция бағасының әдісімен, кейін сатылатын немесе басқа да мақсатта қолданатын жағдайда өндіріледі.

5.7.2. Банктің бастамасы бойынша орналастырылған акцияларды өтеу, Директорлар кеңесінің шешімінің негізінде өндіріледі.

5.7.3. Банк өзінің орналастырылған акцияларын өтеуде келесіге құқы жоқ:

- 1) орналастырылған акциялардың есебінің қортындысы бекітілмесе;
- 2) осы Заңмен белгіленген, акция өтемінің нәтижесінде Банк меншігінің капитал мөлшері Жарғы капиталының ең төменгі мөлшерінен кем болса;
- 3) акцияларды өтеу кезінде, Банк Қазақстан Республикасының қазіргі банкроттық Заңнамасына сай төлемсіздік қабілетінде болса, не осы белгілер ұсыныстағы өтелетін акцияларда пайда болса;

4) сот немесе Банк акционерлерінің жалпы жиналысы жойылуы туралы шешім қабылдаса.

5.8. Банк акционері мыналарға құқылы:

5.8.1. Қазақстан Республикасының қазіргі Заңнамасында және осы Жарғыда қарастырылған тәртіптегідей Банкті басқаруға;

5.8.2. Қазақстан Республикасының қазіргі Заңнамасында және осы Жарғыда қарастырылған тәртіптегідей дивидендтерді алуға;

5.8.3. Банктің жалпы жиналысымен және Жарғымен анықталған тәртіпте, Банктің қаржылық есебі және қызметі туралы мәлімет алуға;

5.8.4. өзінің құнды қағазға құқылы екенін мақұлдайтын тіркеушіден және номиналдық ұстаушыдан үзінділер алуға;

5.8.5. Директорлар кеңесіне сайланатын үміткерлерді акционерлердің жалпы жиналысында ұсынуға;

5.8.6. Банк ұйымдарымен қабылданған шешімдерді сот тәртібімен талқылауға;

5.8.7. Банкке өзінің қызметі туралы жазбаша сауалдар қойып жүгінуге және сауал түскен күннен бастап отыз күн ішінде дәлелді жауап алуға;

5.8.8. Банк жойылған кезде мүлік бөлігін алуға;

5.8.9. Қазақстан Республикасының қазіргі Заңнамасында және осы Жарғыда қарастырылған тәртіптегідей Банктің акцияларын немесе оның акцияларына айналатын басқа да құнды қағаздарын артықшылығымен сатып алуға.

5.9. Ірі акционер сонымен қатар мыналарға құқылы:

5.9.1. акционерлердің жалпы жиналысының кезектен тыс шақырылуын талап етуге немесе Директорлар кеңесі акционерлердің жалпы жиналысын өткізуден бас тартқан кезде, оны қайта шақыру туралы арыз жазып сотқа жүгінуге;

5.9.2. Директорлар кеңесіне осы Жарғыға сәйкес акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібіне қосымша сұрақтар енгізуге;

5.9.3. Директорлар кеңесі мәжілісінің шақырылуын талап етуге;

5.9.4. өз есебінен аудиторлық ұйымнан банкке аудит жүргізуді талап етуге.

5.10. Банк акционері мыналарға міндетті:

5.10.1. акцияларды төлеуге;

5.10.2. он күннің ішінде аталған акционерге жататын тіркеуші мен акцияның номиналдық ұстаушысын, банк акцияларын ұстаушылардың тізімін жүргізу үшін қажетті мәліметтердің өзгергендігі туралы хабардар етуге;

5.10.3. банктік, коммерциялық немесе басқа да заңмен қорғалатын құпияны құрайтын банк немесе оның қызметі туралы ақпаратты жарияламауға;

5.10.4. Қазақстан Республикасының «Акционерлік қоғамдар туралы» Заңына және Қазақстан Республикасының басқа да заң актілері мен осы Жарғыға сәйкес басқа да міндеттерді орынауға;

5.11. Осы Жарғының 5.10.2 тармағында белгіленген талаптарды орындамағаны үшін Банк пен тіркеуші жауапқа тартылмайды.

6. БАНКТІҢ МҮЛКІ ЖӘНЕ АҚША ҚОРЫ

6.1. Банктің мүлігі акцияларды сатқаннан түскен кірістің, Банк қызметін жүзеге асырғаннан түскен табыстың, кепілдік құқығын сату барысында банктің меншігіне өткен мүліктің есебінен пайда болады.

6.2. Мүлік Банкке меншік құқығымен қарайды және баланспен есептеледі. Банк өзінің атынан өз қызметі мақсатына және мүліктің тағайындалуына сәйкес иемденуді, пайдалануды және өз мүлігіне иелік жасауды жүзеге асырады.

6.3. Банктің жекелей ақша қоры (ары қарай капитал) – бұл оның міндеттемелер жинағын шегергеннен тыс банк активтерінің құны, бұл жерде активтердің құны, Банк активтерінің бастапқы құнынан қажетті резервтер (провизиялар) жиынтығын таратылған қарыздар мен басқа да активтер бойынша шегеріп тастау арқылы есептеледі. Ақша қорын, банк активтерінің құнын, резервтердің (провизиялардың) көлемін таратылған қарыздар мен басқа да активтер бойынша есептеу әдістемесі өкілетті ұйымдармен анықталады.

6.4. Егерде Банк міндеттемелерінің жиынтығы оның активтерінің құнынан артып кеткен жағдайда банктің ақша қоры теріс болып табылады.

6.5. Банк қызметін жүзеге асыруға байланысты шығындарды жабу мақсатында, банк резервті ақша қорын қалыптастырады. Резервті ақша қоры банктің таза табысының есебінен дивидендтерді төлегенге дейін құрылады. Резервті ақша қорына бөлінген қаражаттың көлемі мен бөліну мерзімі акционерлердің жалпы жиналысының шешімімен өкілетті ұйым бекіткен ең төменгі көлемнен кем емес мөлшерде анықталады.

6.6. Резервті ақша қоры банктің Директорлар кеңесінің шешімімен шығындарды және ойламаған жерден болған шығыстарды жабуға пайдаланылады.

6.7. Активтерді қайтпай қалған кезде өтеу үшін және баланстағы активтерді құрылған провизиялардың есебінен жұмсалып кеткен деп есептеу Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес өкілетті ұйым арқылы белгіленетін тәртіпте іске асырылады.

6.8. Таза табыстың есебіндегі резервті ақша қорынан басқа банк қалыптасу мен пайдалану негіздері банктің Директорлар кеңесі бекітетін қорлар туралы ережемен реттелетін басқа да қорларды құруға құқылы.

6.9. Қорларды пайдалану Банктің Директорлар кеңесінің шешімімен Банкті дамыту, Банк қызмекерлерінің қаражаттық және әлеуметтік әлауқатын жақсарту және қайырымдылық пен демеушілік көмегін көрсету үшін жүзеге асырылады. Директорлар кеңесі қорлардың арасында таза табысты тең қылып бөлуге құқылы. Таза табысты тең бөлу акционерлердің жалпы жиналысында бекітілуі тиіс.

7. БАНКТІ БАСҚАРУ

7.1. Банк ұйымдары

7.1.1. Банк ұйымдары мыналар болып табылады:

Акционерлердің жалпы жиналысы – жоғарғы ұйым;

Директорлар кеңесі – басқарушы ұйым;

Басқарма – атқарушы ұйым.

7.1.2. Банк акционерлердің жалпы жиналысының шешімімен ішкі аудит қызметін - бақылаушы ұйым құрып, сондай-ақ қазіргі Заңнамаға сәйкес, басқа да ұйымдарды құруға міндетті:

7.2. Акционерлердің жалпы жиналысы

7.2.1. Акционерлердің жалпы жиналысы жылдық және кезектен тыс болып бөлінеді.

7.2.2. Акционерлердің жыл сайын өтетін жалпы жиналысында Банктің жылдық қаржылық есебі бекітіліп, өткен қаражат жыл үшін таза табыстың таратылу тәртібі мен Банктің бір жыл акциясына есептелген дивидендтің мөлшері анықталады.

7.3. Акционерлердің жалпы жиналысының құзыреті

7.3.1. Акционерлердің жалпы жиналысының ерекше құзыретіне келесі сұрақтар жатады:

- 1) Банк жарғысына өзгертулер мен толықтырулар енгізу немесе оны жаңа басылымда бекіту;
- 2) Банктің бірлескен бағдарламасының заңдар жинағын бекіту, сонымен бірге оған өзгертулер мен толықтырулар енгізу;
- 3) Банкті ерікті түрде тарату немесе жою;
- 4) Банктің хабарланған акцияларының санын көбейту немесе Банктің үлестірмей жарияланған акциялардың түрін өзгерту жөнінде шешім қабылдау;
- 5) Банктің айналымдағы құнды қағаздарының шарты мен тәртібін анықтау;
- 6) Есептік комиссияның өкілеттік сандық құрамы мен мерзімін анықтау, оның мүшелерін сайлау және олардың өкілеттік мерзімінен бұрын тоқтату;
- 7) Директорлар кеңесінің сандық құрамын, өкілеттік мерзімін анықтау, оның мүшелерін сайлау және олардың өкілеттілігін мерзімінен бұрын тоқтату, сонымен қатар Директорлар кеңесінің мүшелеріне төленетін сыйақы мөлшері мен шартын анықтау;
- 8) Банкте аудит жүргізетін аудиторлық ұйымды анықтау;
- 9) Жылдық қаржы есебін бекіту;
- 10) Өткен жылдық қаржы есебіндегі Банктің таза табысын тарату тәртібін бекіту, қарапайым акциялар бойынша дивидендтерді төлеу туралы шешім қабылдау және Банктің бір қарапайым акциясына есептелген дивидендтің мөлшерін бекіту;
- 11) 13.05.2003 ж. Қазақстан Республикасының «Акционерлік қоғамдар туралы» № 415 – II Заңының 22 тарауының 5 тармағында қарастырылған жағдайлар басталған кездегі Банктің қарапайым және ерекше дәрежедегі акциялары бойынша дивидендтер төлемеу туралы шешім қабылдау;
- 12) Банкке тиісті бар активтердің ішінен жиырма бес және одан да көп пайызды құрайтын активтердің бір немесе бірнеше бөліктерін тапсыру арқылы банктің басқа да заңды тұлғаларды құруға немесе олармен қызмет етуге қатысуы туралы шешім қабылдау;
- 13) Акционерлерді Банк арқылы акционерлердің жалпы жиналысына шақыру және осындай ақпаратты ақпарат құралдарында орналастыру туралы шешім қабылдау;
- 14) 13.05.2003 ж. Қазақстан Республикасының «Акционерлік қоғамдар туралы» № 415 – II Заңында қарастырылғандай әдістеменің өзгерістерінің бекітілуін (егер әдістеменің бекітілуі ұйымдастырушылар жиналысында бекітілмесе), Банк сатып алған кездегі акциялардың құнын анықтау;
- 15) Акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібін бекіту;

16) Егер акционерлерге Банк қызметі туралы ақпаратты анықтау тәртібі, сонымен қатар, жалпы ақпарат құралын анықтауы, осы Жарғымен анықталмаса;

17) «Алтын акцияны» енгізу және жою;

18) Банк акциялары бойынша өз еркімен делистинг шешімін қабылдау;

19) Акционерлердің жалпы жиналысының құзырына шешім қабылдау үшін Қазақстан Республикасының қазіргі Заңнамасында және осы Жарғыда қарастырылған тәртіптегідей ерекше түрде тапсырылған басқада сұрақтар.

7.3.2. Басқа ұйымның лауазымдық тұлғалар мен қызметкерлердің құзреттілігіне жатпайтын Қазақстан Республикасының «Акционерлік қоғамдар туралы» заңы мен Қазақстан Республикасының басқа да заңнамалық актілерінде қаралмаса, акционерлердің жалпы жиналысының құзреттілігіне қатысты сұрақтар мен олардың шешімдерін жеткізуге болмайды және оған жол берілмейді.

7.3.3. Акционерлердің жалпы жиналысы қоғамның басқа ұйымдарының ішкі қызметіне қатысты қабылдаған кезкелген шешімнің басқаша жолы Жарғы тарапынан қарастырылмаған болса, бұзуға құқылы.

7.4. Акционерлердің жалпы жиналысына шақыру және дайындау тәртібі

7.4.1. Акционерлердің жылдық жалпы жиналысына Директорлар кеңесі шақырады. Кезектен тыс өтетін жиналыстарға Директорлар Кеңесімен не ірі акционердің бастамасымен шақырылады.

7.4.2. Акционерлердің жалпы жиналысын дайындап өткізу, Банк басқармасымен, тәуелсіздік тіркеушімен, Директорлар кеңесімен, ал Банкті жою кезіндегі жою комиссиясымен жүзеге асырылады.

7.4.3. Акционерлердің жылдық жалпы жиналысының, кез келген мүдделі тұлғаның арызы бойынша қабылданған сот шешімінің негізінде, Банк ұйымдары тарапынан акционерлердің жылдық жалпы жиналысын шақыру тәртібі бұзылған жағдайда шақырылуы және өткізілуі мүмкін.

7.4.4. Банктің мүшелері, ірі акционердің акционерлердің жалпы жиналысын кезектен тыс өткізу талабын орындамаса, ірі акционердің арызы бойынша, сот шешімі негізінде акционерлердің жалпы жиналысы кезектен тыс өткізіледі. Акционерлердің жалпы жиналысын кезектен тыс өткізу туралы арызын, ірі акционер (акционерлер) жазбаша түрде, атқарушы ұйымның мекенжайы бойынша Директорлар кеңесіне күн тәртібінің тақырыбымен, арызданып отырған акционердің (акционерлердің) атымен (аталуымен) және өзіне меншікті акциялардың санын көрсетіп тапсырыуы тиіс. Акционерлердің жалпы жиналысын кезектен тыс өткізуді талап етушілер осы арызға түгел қол қояды. Директорлар кеңесі осы талап – арызды алған он күн ішінде акционерлердің жалпы жиналысын кезектен тыс өткізілуі, не өткізілмеуі туралы шешім қабылдап, қабылданған шешімі жөнінде талапкерді үш күн ішінде хабардар етуі керек.

7.4.5. Ұйымның Директорлар кеңесінің Ірі акционердің талабы бойынша кезектен тыс өткізілетін акционерлердің жалпы жиналысын өткізілмеуі туралы шешімі мынадай жағдайда қабылданады:

1) кезектен тыс өткізілетін акционерлердің жалпы жиналысын өткізілуі туралы қойылған талап тәртібі Жарғының осы тармағымен сақталмағанда;

2) кезектен тыс өткізілетін акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібіне ұсынған сұрақ, Қазақстан Республикасы Заңнамасының талабына сай келмесе.

7.4.6. Ұйымның Директорлар кеңесінің кезектен тыс өткізілетін акционерлердің жалпы жиналысын өткізілмеуі туралы шешімі сотта даулануы мүмкін. Егер осы Жарғымен белгіленген мерзімде, кезектен тыс өткізілетін акционерлердің жалпы жиналысы өткізілуі туралы шешім, қойылған талап бойынша ұйымның Директорлар кеңесі арқылы шешілмесе, өткізілуін талап етіп отырған тұлға, кеңесті міндеттеп кезектен тыс өткізілетін акционерлердің жалпы жиналысын өткізілуін талап етуге құқылы.

7.4.7. Жалпы жиналысқа қатысуға және онда дауыс беруге құқылы акционерлердің тізімі ұйымның тіркеушісі арқылы, қоғам акцияларының ұстаушылардың тізімдердің жүйелері негізінде құрастырылады. Бұл тізімді құрастыру уақыты, акционерлердің Жалпы жиналысын өткізі туралы шешім қабылданған уақыттан ерте болу мүмкін емес. Акционерлердің тізіміне кіретін мәлімдемелер уәкіл етілген органмен анықталады. Егер тізім құрылғаннан кейін, осы тізімде бар адам өзіне тиісілі акциядан бас тартса, осы акцияға иегер екенін құқтайтын құжаттар арқылы басқа акционерге өтіп кетеді. Сонымен қатар, акциялар меншігінің құқығын растайтын құжаттар болуы тиіс.

7.4.8. Банк акционерлері жалпы жиналыстың уақыты, мекенжайы, күн тәртібі турлы оның өткізілуіне 30 күн қалғанда хабардар етіледі.

7.4.9. Акционерлердің өткізілетін жалпы жиналысы туралы хабарлама:

- Акционерлердің жалпы жиналысы өткізілуі туралы хабарламада бұқаралық баспа құралдары немесе оларға жазбаша хабарлама жіберу арқылы хабардар етіледі.

Акционерлердің жалпы жиналысы өткізілуі туралы хабарламада мына мәліметер

болуы тиіс:

- 1) қоғамның ақтарушы ұйымының толық атауымен орналасқан жері;
- 2) жиналысты шақырған бастамшы жөніндегі мәлімет;
- 3) акционерлердің жалпы жиналысы өткізілетін күні, уақыты және мекенжайы жиналысқа қатысушыларды тіркеу уақытының басталуы, сондай-ақ, егер бірінші жиналыс өткізілмеген жағдайда қоғамның акционерлерінің жалпы жиналысының қайтадан өткізілетін күні мен уақыты;
- 4) акционерлердің жалпы жиналысына қатысуға құқылы акционерлердің тізімі жасалған күн;
- 5) акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібі;
- 6) акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібіндегі сұрақтар бойынша материалдармен қоғам акционерлерін таныстыру тәртібі.

7.4.10. Акционерлердің жалпы жиналысының жылдық күн тәртібін директорлар кеңесі құрастырады және ол талқылауға шығарылған текқана нақты-нақты сұрақтарды асырау тиіс.

7.4.11. Акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібін ірі акционер немесе директорлар кеңесі толықтыра алады, егер акционерлер мұндай толықтырулар жайында жалпы жиналыс өткізуге 15 күн қалғанда хабардар етілген болса.

7.4.12. Күн тәртібін бекіту жиналыста болған банктің дауыс беру акцияларының жалпы санынан көпшіліктің дауысымен іске асырылады. Күн тәртібіне өзгертулер мен (немесе) толықтырулар енгізілуі мүмкін, егерде олардың енгізілуі үшін жалпы жиналысқа қатысушы және жиналып келгенде банктің дауыс беруші акцияларының 95 пайызынан кем емесін иеленуші акционерлердің көпшілігі дауыс берсе. Жалпы жиналысты сырттай өткізген жағдайда күн тәртібі өзгертілмейді. Акционерлердің жалпы жиналысы күн тәртібіне енгізілмеген сұрақтарды қарастыруға және оларға қатысты шешім қабылдауға құқылы емес.

7.4.13. Акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібі жөніндегі сұрақтар бойынша материалдың аталған сұрақтарға қатысы негізделген шешім қабылдауға қажетті көлемде ақпараттары болуы керек және жиналыс өткізуге дейін он күнен кешікпей акционерлерге таныстыруға дайын болуы қажет.

7.4.14. Қоғамның ұйымдарын сайлау жөніндегі сұрақтарға байланысты материалдардың құрамында ұсынылып отырған үміткерлер жайындағы мына ақпараттардың болуы қажет:

- 1) аты-жөні сондай-ақ қалауы бойынша - әкесінің аты;
- 2) білімі бойынша мәлімет;
- 2-1) банктегі таза жұмысы туралы ақпарат;
- 3) соңғы үш жылдағы істеген орны және соңғы үш жылдың ішінде атқарған лауазымдары туралы ақпарат;
- 4) үміткердің мамандығын, еңбек тәжірибесін растайтын басқада ақпараттар;
- 5) акционерлер жалпы жиналысының Банк Директорлар кеңесінің (Директорлар кеңесінің жаңа мүшесін) сайлау туралы күн тәртібіне енгізілген кезде, Директорлар кеңесінің мүшесіне ұсынылған үміткер қай акционерден екенін және (немесе) Банктің тәуелсіз директорының лауазымына үміткер бола ала ма екені туралы материалдар болуы керек;

7.4.15. Акционерлердің жылдық жалпы жиналысының күн тәртібіндегі сұрақтарға қатысты материалдарда мына мәліметтер болуы тиіс:

- 1) қоғамның жылдық қаржылық есептілігі;
- 2) жылдық қаржылық есептілікке аудиторлық есеп беру;
- 3) өтіп кеткен қаржы жылындағы қоғамның таза пайдасын білу тәртібі жөнінде және қоғамның бір қарапайым акциясына есептегендегі жылдық дивидендтің көлемі жөнінде Директорлар кеңесінің ұсыныстары;
- 4) акционерлердің жалпы жиналысын өткізу талапкерінің тілегі бойынша басқада құжаттар.

7.5. Акционерлердің жалпы жиналысын өткізу тәртібі

7.5.1. Акционерлердің жалпы жиналысын өткізу тәртібі Қазақстан Республикасының «Акционерлік қоғамдар туралы» Заңына, осы Жарғыға, Банк қызметін реттейтін басқада құжаттарға сәйкес немесе акционерлердің жалпы жиналысының тікелей шешімімен анықталады.

7.5.2. Жиналысқа келген акционерлердің немесе олардың өкілдерінің тіркелуі акционерлердің жалпы жиналысының ашылуына дейін жүргізіледі. Акционерлердің өкілдері акционерлердің жалпы жиналысына қатысуға және дауыс беруге өкілетті екенін растайтын сенімхатты көрсетуі тиіс.

7.5.3. Тіркеуден өтпеген акционер (акционердің өкілі), қатысушылардың санының жеткілікті болуын анықтау кезінде есепке алынбайды және дауыс беруге қатысуға құқықты емес.

7.5.4. Жиналысқа шақырусыз келген басқа да тұлғалардың жиналысқа қатысуы жөніндегі шешімді акционерлердің жалпы жиналысы қабылдайды. Мұндай тұлғалардың акционерлердің жалпы жиналысында мінбеден сөз сөйлеуі акционерлердің жалпы жиналысының шешімімен белгіленеді.

7.5.5. Жалпы жиналыс жарияланған уақытта, қатысушылар саны жеткілікті болған кезде ашылады. Акционерлердің жалпы жиналысы, күн тәртібіндегі сұрақтарды қарастырып, оларға байланысты шешім қабылдауға құқылы, егер жиналысқа қатысушыларды тіркеу аяқталған кезде акционерлер тізіміне енгізілсе, қатысуға және дауыс беруге құқығы бар, барлығын қоса айтқанда банк акцияларының елу және оданда көп пайызын иеленуші акционерлер мен олардың өкілдері тіркеуден өткен болса. Өткізілмей қалған жиналыс орнына қайта өткізетін акционерлердің жалпы жиналысы күн тәртібіндегі сұрақты қарастырып, шешім қабылдауға құқылы, егер:

- 1) қатысушылар саны жеткілікті болмағандықтан акционерлердің өткізілмеген жалпы жиналысының шақыру тәртібі сақталса;
- 2) қатысушыларды тіркеуі аяқталғанда, барлығын қоса айтқанда қоғамның дауыс беруші акцияларының қырық және одан көп пайызын иеленуші акционерлер (олардың өкілдері), оның ішінде сырттай дауыс беруші акционерлер тіркелген болса;

7.5.6. Акционерлерге сырттай дауыс беру бюллетендерді жіберілген жағдайда, аталған бюллетендермен берілген дауыстарды қоғам жалпы жиналысқа қатысушыларын тіркеу кезінде алған болса, ол дауыстар қатысушылар санының жеткілікті болуын (кворумды) анықтау кезінде және дауыс беру қортындысын шығарғанда есептеледі.

7.5.7. Сырттай дауыс беруді өткізген кезде қатысушылар саны жеткілікті болмаған жағдайда, акционерлердің жалпы жиналысы қайтадан өткізілмейді.

7.5.8. Банк акционерлердің саны жүзден аса болғанда, акционерлердің жалпы жиналысына келген қатысушыларды тіркеуге, акционерлердің жалпы жиналысына қатысуға байланысты өклеттігін тексеруге, қатысушылар санының жеткілікті болуын анықтауға және Қазақстан Республикасының «Акционерлік қоғамдар туралы» Заңының 49 бабында қарастырылған басқа да сұрақтарға байланысты қызмет жасау үшін, акционерлердің жалпы жиналысы есептеу комиссиясын сайлайды. Акционерлердің саны жүзден кем болса есептеу комиссиясының қызметін акционерлердің жалпы жиналысының хатшысы іске асырады.

7.5.9. Жалпы жиналыс басшы мен хатшы сайлауын өткізеді және дауыс беру түрін ашық немесе құпия (бюллетень бойынша) түрде анықтайды. Акционерлердің жалпы жиналысының басшысы мен хатшысы сайлау сұрақтары бойынша дауыс бергенде әрбір акционердің бір ғана дауысы болады, ал шешім қатысушылардың көпшілік қарапайым даусымен қабылданады. Банктің ақтарушы ұйымының мүшелері акционерлердің жалпы жиналысында басшылық жасай алмайды, жиналысқа қатысушы барлық акционерлер атқарушы ұйымының мүшелері болып табылатын жағдай болмаса.

7.5.10. Акционерлердің жалпы жиналысын өткізу барысында оның төрағасы, қаралатын мәселе бойынша туған пікірталасты тоқтату жөнінде ұсынысқа дауыс беруге шығаруға және де бұл сұрақ бойынша дауыс беру тәсілін өзгертуге құқылы. Жиналыс басшысы акционерлердің жалпы жиналысында мінбеден сөйлеу тәртібін реттейді және белгіленген тәртіптің көлемінде мінбеге шығып сөйлейтін тұлғаларға кедергі жасамауы тиіс.

7.5.11. Акционерлердің жалпы жиналысы өз жұмысында үзіліс жасауға және жұмыс мерзімін ұзарту туралы шешім қабылдауға құқылы, оның ішінде акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібіндегі кейбір сұрақтарды қарастыруды келесі күнге қалдыруға құқылы.

7.5.12. Күн тәртібіндегі барлық сұрақтар қарастырылып болған соң және ол сұрақтарға қатысты шешімдер қабылдаған соң, жалпы жиналыс жабық деп жарияланады.

7.6. Акционерлердің жалпы жиналысы шешім қабылдау тәртібі

7.6.1. Осы Жарғының 7.3.1.т. 1) - 4) тармақшалары көрсеткендей акционерлердің жалпы жиналысының шешімдері дауыс беруші банк акцияларының жалпы санының төрттен үш бөлігінен кем емесі мамандандырылған көпшілікпен қабылданады. Акционерлердің жалпы жиналысының басқа сұрақтары бойынша шешімі Қазақстан Республикасының «Акционерлік қоғамдар туралы» Заңымен осы Жарғыда белгіленбеген басқалар, дауыс берушінің Банк акцияларының жалпы санына дауыстардың қарапайым көпшілігімен қабылданады.

7.6.2. Жалпы жиналыстың шешімі акционерлердің жалпы жиналысы белгілеген тәртіп бойынша жабық немесе ашық дауыс беру арқылы қабылданады. Жалпы жиналыста дауыс беру «бір акция – бір дауыс» ережесі бойынша жүзеге асырылады, мына жағдайларды есептемегенде:

- 1) Қазақстан Республикасының заң актілерінде қарастырылған жағдайларда бір акционерге берілетін акциялар бойынша дауыстың барынша көп санын шектеу;
- 2) Директорлар кеңесінің мүшелерін сайлау кезінде жинақталған түрде дауыс беру;

3) Акционерлердің жалпы жиналысында дауыс беруге құқылы әрбір тұлғаға, акционерлердің жалпы жиналысын өткізу барысында қатысты сұрақтары бойынша бір дауыстан беру;

7.6.3. Акционерлердің жалпы жиналысының шешімдері сырттай дауыс беруді өткізу жолымен қабылдануы мүмкін. Сырттай дауыс беру жалпы жиналысқа қатысып отырған акционерлердің дауыс беруімен бірге (аралас дауыс беру) немесе жалпы жиналыстың отырысын өткізбей-ақ қолданылуы мүмкін.

7.6.4. Сырттай дауыс беруді өткізгенде акционерлердің тізіміне кіргізілген тұлғаларға бірыңғай түрдегі дауыс беруге арналған бюллетендер беріледі (таратылады). Дауыс беру бюллетендері акционерлер тізіміне кірген тұлғаларға акционерлердің жалпы жиналысының отырысын өткізгенге дейін 45 күннен кешікпей жіберілуі тиіс.

7.6.5. Сырттай дауыс беру бюллетенінде мына мәліметтер болуы тиіс:

- 1) Банк басқармасының толық атауы мен мекенжайы;
- 2) жиналысқа шақырушы талапкер туралы мәліметтер;
- 3) сырттай дауыс беру бюллетендерін өткізетін соңғы күн;
- 4) акционерлердің жалпы жиналыс отырысын өткізу күні немесе акционерлердің жалпы жиналысын өткізбей-ақ сырттай дауыс беру үшін дауыстарды есептеу күні;
- 5) акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібі;
- 6) егер акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібінде директорлар кеңесінің мүшелерін сайлау туралы сұрақ болатын болса, үміткерлікке ұсынылатындардың аты-жөні;
- 7) өткізілетін дауыс беруге байланысты сұрақтарды қалыптастыру;
- 8) акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібіндегі әрбір сұрақтар бойынша «жақтайды», «қарсы», «қалыс қалғандар» деген сөздермен көрсетілген дауыс беру түрлері;
- 9) күн тәртібіндегі әрбір сұрақ бойынша дауыс берудің (бюллетень толтырудың) тәртібін түсіндіру.

7.6.6. Сырттай дауыс беру бюллетені акционер-жеке тұлғаның қол қоюымен, оның жеке басын растайтын құжаттармен расталады. Акционер – заңды тұлғаның сырттай дауыс беру бюллетеніне оның жетекшісі қол қойып, заңды тұлғаның мөрімен расталады.

7.6.7. Дауысты санау кезінде, акционер бюллетенде көрсетілген дауыс беру тәртібін сақтап, дауыс беру түрлерінің бір ғана түріндегі көрсетілген дауыс есепке алынады.

7.6.8. Егер акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібінде Директорлар кеңесінің мүшелерін сайлау туралы сұрақтар болса, сырттай дауыс беру бюллетендерінде кейбір үміткерлерге берілген дауыс санын көрсететін бағандар болуы тиіс.

7.6.10. Дауыс беру қорытындысы бойынша есеп комиссиясы дауыс беру қорытындысы жөнінде хаттама (протокол) жасап қол қояды. Акционердің дауыс беруге шығарған сұрағы бойынша ерекше пікірі бар болса есеп комиссиясының бұл жөнінде хаттамаға сәйкес жазбалар енгізуі қажет. Дауыс беру қорытындысы жөніндегі хаттаманы жасап қол қойған соң сырттай және тікелей қатыстыру арқылы толтырылған дауыс беру бюллетендері (соның ішінде жарамсыз деп танылған бюллетендер), солардың негізінде жасалған хаттамамен бірге тігіледі және қоғамның мұрағатына (архивке) сақтауға тапсырылады. Дауыс беру қорытындысы жөніндегі хаттама жалпы жиналыста жария етіледі және акционерлердің жалпы жиналысының хаттамасына енгізіледі.

7.7. Акционерлердің жалпы жиналысының хаттамасы

7.7.1. Жиналыс жабылғаннан кейін үш жұмыс күннің ішінде акционерлердің жалпы жиналысының хаттамасы жасалып қол қойылуы қажет, ол мына мәліметтерден құралады:

- 1) қоғамның атқарушы ұйымының толық атауы мен мекенжайы;
- 2) акционерлердің жалпы жиналысының өткізілген күні, уақыты, мекенжайы;
- 3) акционерлердің жалпы жиналысына берілген дауыс беруші акцияларының саны туралы мәлімет;
- 4) акционерлердің жалпы жиналысына қатысушылар санының жеткілікті болуы;
- 5) акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібі;
- 6) акционерлердің жалпы жиналысында дауыс беру тәртібі;
- 7) акционерлердің жалпы жиналысының төрағасы және хатшысы;
- 8) акционерлердің жалпы жиналысына қатысқан тұлғалардың сөйлеген сөздері;
- 9) акционерлердің жалпы жиналысында дауыс беруге шығарылған күн тәртібінің әрбір сұрағы бойынша акционерлердің дауыстарының жалпы саны;
- 10) дауыс беруге шығарылған сұрақтар мен олардың дауыс беру қорытындысы;
- 11) акционерлердің жалпы жиналысы қабылдаған шешімдер.

7.7.2. Акционерлердің жалпы жиналысының хаттамасына акционерлердің жалпы жиналысының төрағасы мен хатшысы, есеп комиссиясының мүшелері, қоғамның дауыс беру акцияларының он және одан да көп пайызын иеленушілер, акционерлердің жалпы жиналысына қатысқан акционерлер қол қояды. Хаттамаға қол қоюшы тұлғаның қол қоюға мүмкіндігі болмаған жағдайда, хаттамаға оның сенімхат берілген өкілетті тұлғасы қол қояды.

7.7.3. Акционерлердің жалпы жиналысының хаттамасына қол қоюға міндетті тұлғалардың біреуі хаттаманың мазмұнымен келіспеген жағдайда, ол оның себебін жазбаша түсіндіріп, қол қоюдан бас тартуға құқылы, ол хаттамаға енгізіледі.

7.7.4. Акционерлердің жалпы жиналысының хаттамасы, дауыс беру қорытындысы жөніндегі хаттамамен, жалпы жиналысқа қатысу мен дауыс беру құқығын беретін сенімхатпен, хаттамаға қол қоюмен және хаттамаға қол қоюдан бас тарту себебін түсіндірген жазбаша түсініктемелермен бірге тігіледі. Банк басқармасы акционерлердің жалпы жиналысының хаттамаларын аталған құжаттармен бірге сақтайды және кез келген уақытта акционерлерге таныстыру үшін береді. Акционердің талап етуі бойынша оған акционерлердің жалпы жиналысы хаттамасының көшірмесі беріледі.

7.8. Директорлар кеңесі

7.8.1. Банктің Директорлар кеңесі акционерлердің жалпы жиналысының өзгеше құзырына (компетенция) жатқызылатын сұрақтарды шешуден басқа, банк қызметін жалпылай басқаруды іске асырады.

7.9. Директорлар кеңесінің міндеттері

7.9.1. Директорлар кеңесінің айрықша құзырына келесі мәселелер жатады;

- 1) банк қызметінің басымдық бағыттарын анықтау;
- 2) акционерлердің жылдық және кезектен тыс жалпы жиналыстарын шақыру туралы шешім қабылдау;
- 3) жарияланған акциялар шегінде орналастырылатын (сатылатын) акцияларды орналастыру (сату), сонымен қатар саны, оларды орналастыру (сату) тәсілі мен құны туралы шешім қабылдау;
- 4) банкпен орналастырылған акцияларды немесе басқа құнды қағаздарды сатып алу туралы және оларды сатып алу құны туралы шешім қабылдау;
- 5) банктің жылдық қаржылық есебін алдын ала бекіту;
- 6) банктің облигациялар мен құнды қағаздарын шығару шартын анықтау;
- 7) атқарушы органның сандық құрамын өкілеттік мерзімін анықтау, оның төрағасын және мүшелерін анықтаушы органның функциясы дара атқаратын тұлғаны сайлау, сондай – ақ олардың өкілеттілігін мерзімінен бұрын тоқтату;
- 8) атқарушы органның төрағасының және мүшелерінің лауазымдық айлықтарының мөлшерін және еңбек ақы төлеу және сыйақы беру шарттарын анықтау (атқарушы органның функциясы дара атқаратын тұлғаны);
- 9) ішкі аудит қызметінің жұмыс тәртібін, оның санын және мерзімін, қызметкерлерінің еңбек ақысының мөлшерімен төлеу шартын және сыйақы беру шартын анықтау;
- 10) корпоративті хатшыны тағайындау, өкілеттік мерзімін анықтау, оның өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату, сондай-ақ корпоративті хатшының лауазымдық айлығының мөлшерін және сыйақы беру шартын анықтау;
- 11) аудиторлық ұйымның, сондай-ақ Банк акцияларының төлемі ретінде берілген немесе ірі мәміле пәні болып табылатын мүліктің нарықтық құнын бағалау бойынша бағалаушының қызметін төлеу мөлшерін анықтау;
- 12) Банктің ішкі қызметін реттейтін құжаттарды бекіту (Банк қызметін ұйымдастыру мақсатында атқарушы ұйымымен қабылданатын құжаттардан басқа), соның ішінде аукциондар мен Банктің құнды қағаздарына жазылуды жүргізу шарты мен тәртібін анықтайтын ішкі құжаттар да;
- 13) Банктің филиалдары мен өкілдіктерін құру мен жабу туралы шешім қабылдау және олар туралы ережені бекіту;
- 14) басқа заңды тұлғалардың акцияларының он және одан да көп пайыздарын (жарғылық капиталдағы үлестік қатысуын) Банкпен сатып алу туралы шешім қабылдау, сондай-ақ олардың қызметінің мәселелері бойынша шешім қабылдау;
- 15) басқа заңды тұлғалардың акцияларының он және одан да көп пайызы (жарғылық капиталдағы үлестік қатысуын) Банктің иесінде болғанда, тек акционерлердің жалпы жиналысына жататын сұрақтар бойынша шешім қабылдау;
- 16) Банктің міндеттемелерін өзінің жеке капиталының мөлшерінің он және одан да көп пайызын құрайтын шамаға көбейту;
- 17) қоғамның бұрынғы тіркеушісімен шарт бұзылған жағдайда қоғамның тіркеушісін таңдау;

18) қызметтік, коммерциялық немесе заңмен қорғалатын басқа құпияны құрайтын Банк немесе оның қызметі туралы ақпаратты анықтау;

19) жасалуына Банк мүдделі ірі мәмілелер мен мәмілелерді жасау туралы шешім қабылдау;

20) акционерлердің жалпы жиналысының айрықша құзырына жатпайтын, қолданыстағы заңнамамен берілген Жарғымен қарастырылған басқа да мәселелер

7.9.2. Директорлар кеңесінің тікелей құзырына жататын сұрақтар, шешілуге атқарушы ұйымға берілмейді.

7.9.3. Директорлар кеңесі осы жарғымен банк басқармасының міндетіне жатқызылған сұрақтар бойынша және де акционерлердің жалпы жиналысының шешіміне қарама-қайшы шешімдер қабылдауға құқылы емес.

7.10. Директорлар кеңесін құру тәртібі

7.10.1. Директорлар кеңесі үш адамнан кем емес болады және оны Директорлар кеңесінің төрағасы басқарады. Директорлар кеңесі мүшелерінің кем дегенде үштен бірі тәуелсіз директорлар болуға тиісті.

7.10.2. Банктің директорлар кеңесінің сандық құрамы мен өкілеттік мерзімі акционерлердің жалпы жиналысының шешімімен анықталады.

7.10.3. Директорлар кеңесі банктің акционерлерінің жалпы жиналысында жинақталған дауыс беру жолымен сайланады.

7.10.4. Директорлар кеңесінің мүшелері бола алатындар:

- 1) Банк акционері болып табылатын жеке тұлғалар;
- 2) Акционердің мүддесін жақтаушы болып табылатын Директорлар кеңесіне сайлауға ұсынылған жеке тұлға;
- 3) Басқа да жеке тұлғалар. Мұндай тұлғалардың саны Директорлар кеңесінің құрамында елу пайыздан аспауы керек.

7.10.5. Директорлар кеңесіне сайланатын тұлғаларға Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасындағы банктер мен банктік қызмет жөнінде» Заңының 20 бабы белгілеген аздаған талаптар қойылады.

7.10.6. Банк Басқармасының төрағасынан басқа мүшелері қоғамның Директорлар кеңесінің мүшесі бола алмайды. Басқарма төрағасы біруақытта Банктің Директорлар кеңесінің төрағасы бола алмайды.

7.10.7. Директорлар кеңесіне сайланатын тұлғалар шектеусіз қайта – қайта сайлана алады.

7.10.8. Кез келген негізде акционерлердің жалпы жиналысының шешімімен әр (барлық) Директорлар кеңесінің мүшесінің өкілеті тоқтатылуы мүмкін.

7.11. Директорлар кеңесінің төрағасы

7.11.1. Директорлар кеңесінің төрағасы кеңес мүшелерінің ішінен Банктің Директорлар кеңесі мүшелерінің жалпы санының дауыс көпшілігімен құпия дауыс беру арқылы сайланады және Директорлар кеңесі мүшелерінің дауыс теңдігі жағдайында шешім қабылдау кезінде шешілу дауысқа құқығы бар. Банктің Директорлар кеңесінің төрағасына қойылатын талаптар Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасындағы банктер мен банктік қызмет жөнінде» Заңының 20 б. қарастырылған.

7.11.2. Директорлар кеңесінің төрағасы Директорлар кеңесінің жұмысын ұйымдастырады, оның отырысын жүргізеді, отырыстарда хаттаманы жүргізуді ұйымдастырады. Отырыста Директорлар кеңесінің төрағасы қатыспаған жағдайда оның қызметін Директорлар кеңесінің шешімімен кеңес мүшелерінің бірі жүргізеді.

7.12. Директорлар кеңесінің отырысын шақыру, дайындау және өткізу

7.12.1. Директорлар кеңесінің отырысы оның төрағасының немесе банк басқармасының бастамасымен немесе:

- 1) Директорлар кеңесінің кез келген мүшесінің;
- 2) Банктің ішкі аудит қызметінің;
- 3) Банктің аудитін іске асырушы аудиторлық ұйымның;
- 4) Ірі акционердің

талап етуі бойынша шақырылуы мүмкін.

7.12.2. Директорлар кеңесінің отырысын шақыру жөніндегі талап Директорлар кеңесі отырысының күн тәртібіне ұсынысы бар жазбаша сәйкес хабарламаны Директорлар кеңесінің төрағасына жіберу арқылы көрсетіледі. Отырыс шақыру жөнінде талап ету келіп түскеннен бастап он күннен кешікпей шақырылуы қажет.

7.12.3. Директорлар кеңесінің отырысын өткізу жөніндегі хабарлама отырыстың күн тәртібіндегі сұрақтар бойынша материалдарды қосып, отырыс өткізуге дейін қалған үш күннен кешікпей директорлар кеңесінің мүшелеріне жіберілуі тиіс.

7.12.4. Директорлар кеңесінің отырысын өткізу жөніндегі хабарламада отырыстың өткізілетін күні, уақыты, мекенжайы және күн тәртібі туралы мәліметтер болуы тиіс.

